



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ  
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ  
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ  
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

## АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ  
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

## МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

## АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

## МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ  
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,  
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ  
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02  
ББК 74.00  
И 63

## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Куанышбаев Сеитбек Бекенович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

**Жарлыгасов Женис Бахытбекович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

**Скударева Галина Николаевна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

**Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

**Ибраева Айман Елемановна**, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

**Онищенко Елена Анатольевна**, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

**Демисенова Шнар Сапаровна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

**Утегенова Бибикуль Мазановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

**Смаглий Татьяна Ивановна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

**Жетписбаева Айсылу Айратовна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02  
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023  
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Серікбай Оспанұлы. Сөнбес шырақ. Қостанай. 2016 ж. 382 бет.
2. «Ыбырай Алтынсарин» қазақ энциклопедиясы. Алматы, 2007 ж.
3. П.Сүйінкина. Ы.Алтынсарин – кәсіптік білімнің негізін салушы. Қостанай, 2018 ж.
4. «Ұлы ұстаз ұлағаты» С. Оспанұлы, Қостанай 2014 ж.

ӘОЖ 37.034

### **ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН МЕН СПАНДИЯР КӨБЕЕВТИҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ САБАҚТАСТЫҒЫ**

*Бексултанова Алма Кабдырахмановна*  
*қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы*  
*Бейсенова Хамар Баязитовна*  
*қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы*  
*КМҚК «Қостанай политехникалық жоғары колледжі»*  
*Қостанай қаласы, Қазақстан*  
*E-mail: alma.bekmagambetova@mail.ru*

#### Аңдатпа

*Өзектілігі және мақсаты: Мақалада Ыбырай Алтынсарин мен Спандияр Көбеевтің педагогикалық көзқарастары, білім беру мен тәрбие мәселелері қарастырылады, және қазіргі білім берудегі сабақтастық туралы айтылады. Олар өскелең ұрпақтың білім беру мен тәрбие мәселелеріне ерекше назар аударған. Қазіргі уақытта ұлы ұстаздардың өзекті ойлары, олардың адамгершілікке, жоғары санаға тәрбиелеу туралы, құнды пікірлері ата – аналар мен педагогикалық қоғамдастыққа көмектеседі.*

*Түйінді сөздер: ағартушы – ұстаздар, реформалар, ұлттық мектебі, жаңа өзгерістер, жаңа технологиялар, инновациялық іс – әрекет.*

#### Аннотация

*Актуальность и цель: В статье рассматриваются педагогические взгляды Ыбырая Алтынсарина и Спандияра Кобеева, проблемы образования и воспитания, а также рассказывается о преемственности в современном образовании. Особое внимание они уделяют вопросам образования и воспитания подрастающего поколения. Мысли великих учителей в настоящее время актуальны, их ценное мнение о воспитании нравственности, высокого сознания помогает родительскому, педагогическому сообществу.*

*Ключевые слова: педагоги – просветители, реформы, национальная школа, новые изменения, новые технологии, инновационная деятельность.*

#### Abstract

*Goal: The article discusses the pedagogical views of Ibrai Altynsarin and Spandiyar Kobeev, the problems of education and upbringing, and also talks about continuity in modern education. They pay special attention to the education and upbringing of the younger generation. The thoughts of the great teachers are currently relevant, their valuable opinion on the upbringing of morality, high consciousness helps the parental, pedagogical community.*

*Key words: educators – educators, reforms, national school, new changes, new technologies, innovation.*

Адамзатты адалдыққа, турашылдыққа, ізгілік – ізет жолына бастап, ғылыми – білімге шақырған Ыбырай Алтынсарин мұрасы сан – алуан. Ол алдымен ағартушы. Оның оқу – методикалық мұралары қоғамдық, педагогикалық ғылыми көзқарастары күні бүгінге дейін өз мән – мазмұнын жоғалтқан емес.

«Сол заманнан бері қарай, біздің кейінгі ұрпағымыздың бәріне де Абай қандай қадірлі болса, Ыбырай да өз орны, өз арналы мұрасымен аса ыстық, бағалы болды», – деп М.Әуезов айтқандай, Абай ұлы ақын болса, Ыбырай ұлы ұстаз. Қазақ даласына бұрын – соңды болмаған жаңа үлгідегі мектеп ашуы, ұйымдастырушы. Қазақ тарихында педагогикалық ой пікірдің негізін тұңғыш қалаушы. Ұлы ұстаз мұрасын оқып – білу кейінгі ұрпаққа, әсіресе, болашақ ұстаздарға парыз.

Бойындағы қуатын халық мақсаты үшін аямай жұмсаған, адал жанды азамат. Ол жас ұрпаққа білім беру мен тәрбиелеу мәселесіне ерекше көңіл бөлді. Қазақ даласындағы аумалы – төкпелі заманда ұрпақ болашағын ойлап, балалар мен жас жеткіншектердің тағдырына терең үңілген ағартушы – ұстаз. Ыбырай Алтынсарин қазақ қоғамының мәдениет пен экономика жағынан мешеу кезінде өмір сүріп, халқымыздың демократиялық мәдениеті мен өнерінің бір сыпыра саласында жаңадан өсіп – өркендеуіне айқын жол ашып, негізін қалады.

Ы.Алтынсарин Қазақстандағы әлеуметтік – педагогикалық мәселелерді шешудің басты жолдары мен негізгі ұстанымдарын ұсынды. Іргесі қаланбақшы алғашқы мектеп құрылысын, тұңғыш берілетін білімнің бағыт – бағдарын айқындады, қалың бұқараға оның мазмұны мен маңызын түсіндірді, бастауыш мектепке оқу – құралдарын әзірледі. Ол өзінің ағартушылық, педагогтік, ақын – жазушылық тарихи қызметі мен зор талантын, жан – жақты терең білімі мен қайрат – жігерін елдің жас ұрпағына білім нәрін сусындатқан, оларды тәрбиелеуге, қазақ жерінде үлесін қосатын ұрпақ



тәрбиеледі. Жаңа үлгідегі мектептер ашып, оған оқулықтар жазды,өзі сабақ беріп,жаңа талапқа сай келетін мұғалімдер дайындауға күш салды. Ыбырай жасаған оқулықтарды ең алдымен,қазақ балаларының танымына сәйкес етіп алды,өзі де осы талапқа орай әңгімелер,өлеңдер жазып, қазақ хрестоматиясына қосты. Сөйтіп,ұлы ағартушысы ұстаз білім бұлағынан сусындатып,өзге мәдениетті елдердің қатарына қосуға бойындағы бар күш – қуатын,білімін сарқа жұмсады. [1, б. 45]

Осы бағытта еңбек етіп ,соған бүкіл саналы өмірін арнаған педагог та Спандияр Көбеев.

Спандияр Көбеев – XX ғасырдағы қазақ тарихында өз орны бар ағартушы – педагог. Қазақ КСР–нің еңбек сіңірген мұғалімі», екі рет Ленин орденімен марапатталған. Ол өз ұстазы Ы.Алтынсарин негізін қалаған қазақ әдебиетіндегі демократтық, ағартушылық идеяны әрі қарай жалғастырды. Ыбырай Алтынсарин есімін Спандияр бала кезінен естіп өседі.

Спандияр Көбеев өзінің оқытушылық қызметін ауылдан бастайды, ол ұстаз әрі мәдениет жаршысы болады. Қолынан келгенінше,халыққа адал қызмет етуді өз бойындағы бар білім жігерін халық ісіне жұмсауды мақсатым деп түсінеді. Осындай ізгі ниетіне жету үшін Спандияр оқытушы болып барғаннан – ақ бос уақытта ауыл адамдарын жинап алып,оларға табиғат,география,тарих,тағы басқа ғылымдардан түсінік, хабар беріп отыратын болады. [2, б. 84]

Спандияр Көбеев балаларды оқыту – тәрбиелеу ісінің сапасын арттыру жолында қажырлы жұмыс жүргізді. Ол сабақты тиімді өткізу үшін көптеген ұйымдастыру жұмыстарын, сыныпты комплекстеу, сабақ кестесін жасау, сабақты қажетті жабдықтармен және көрнекі құралдарымен қамтамасыз ету істерін жүргізді. Оқыту, сабақтың білім беру және тәрбиелеу сияқты біртұтас педагогикалық процесс екендігін дәлелдеп, оқытудың осы екі жағына назар аударып отыруды уағыздады. Енді Спандияр өзінің құрметті ұстаздары Ы.Алтынсарин мен орыс халқының атақты педагогы К.Д.Ушинскийдің үлгілері бойынша өзі оқытып жүрген балаларға арнап оқу кітабын жасауға кіріседі. Осының нәтижесінде 1912 жылы Қазан қаласында Спандиярдың екінші кітабы «Үлгілі бала» деген оқу кітабы басылып шығады. [3, б. 10]

Еңбек – адамның ақыл – ойының тереңдігін, сезім дүниесінің сұлулығын, ерік – жігерінің түптілігін реттестіретін, бойдағы қайғы – қасіретті жоятын шипа, еңбек тәрбие негізі деп көрсетті.

«Үлгілі бала» оқулығына енген аудармаларының көбі жастарды саналы тәртіпке тәрбиелейтін әңгіме, өлеңдер. «Үлгілі бала» оқулығында баланың ішкі дүниесінде, ой – санасына бірден әсер ететін айшықты да мағыналы сөздер қолдана білген. Ол баланың ойлану, түйсіну қабілетін дамытатын әңгімелерді таңдап алып, оқыған бала өмірінің айналасынан алу оқулықтың тәрбиелік қасиетінің молдығын дәлелдейді ата – анасынан үйренеді. Оның есі, ақылы, пайымдауы дамыған сайын ол ұғым дамып, кеңейе түседі.

Мұғалім балаға талабын тікелей қоя отырумен қатар, оның теріс мінезін бетіне айтудың орнына түрлі мысалдар келтіріп, ол мінездің жағымсыз екенін балаға сездіре біледі, баланың кемшілігін бетіне басып, көңілін қалдырмайды, керек жерінде балалармен теңіндей сөйлесе біледі, олармен тіл араласа, балалардың тілін тауып әңгімелесе біледі, олардың алдында әр уақыт көңілді жүреді. Мұндай мұғалімді балалар жақсы көреді, сыйлайды, оған жақын болғысы келеді. Оның балалар арасындағы беделі күшті болады», жақсы мұғалім өзінің шәкірттерінің мінез – құлқына өшпес із қалдырады. Оның есімін ұрпақтарына мақтаныш сезіммен айтып, үнемі үлгі ғып ұсынады. С.Көбеевтің ойынша, балаларды бала тәрбиесіне бейім адам, баланы жан – тәнімен сүйетін адам, жаңа дүниені, болашақ құрушыларымен жұмысты сақтықпен, шыдамдылықпен істей білетін адам тәрбиелеу керек. «Шын мағынасындағы педагог балалардың досы да, атасы да болады», – деп тұжырымдайды педагог С.Көбеев.

Ыбырай да Спандияр Көбеевте ағартушылық жолда сан алуан кедергілер мен қиындықтарды жеңе отырып, үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Өшпес ізі туған халқының мақтан тұтатын ардақтыларына айналды.

Ыбырай да, Спандияр да қазақ жастарын оқуға шақыруымен қатар, адамгершілікке, достыққа, еңбекке, жігерлікке, тапқырлыққа, халқын сүйуге шақырды. Былайша айтқанда, адам деген ардақты есімге сай болуды насихаттап, жастарға дұрыс тәрбие бергенде ғана бұл міндеттерді іске асыруға болатындығын жете ұғынды.

Қазақстандық білім беру тұжырымдамасында да, жеке адамның рухани және күш – қуат мүмкіндіктерін ашу,рухани – адамгершілікті қалыптастыру,әрбір адамды дамыту үшін жағдайлар жасау міндетінің ерекше аталуы қоғам талабынан туындап отырғандығын дәлелдейді.

Адамгершілік – адам бойындағы ең асыл қасиет және адамзат баласының ең жоғарғы мақсатына бағытталады. Бұл қасиет адамды мейірімділікке, отанын,елін отбасын сүйуге үйретеді.

«Адамгершілікке тәрбиелеу құралы – еңбек пен ата – ана үлгісі», – деп Ыбырай атамыз айтып кеткен болатын, міне өмірден озғанына ғасырдан астам уақыт өтсе де,оның құндылыққа толы мұрасы туған халқыңа,туған ұлтына жақындай түсуде. [3, б. 155]

Еліміз егемендік алып,тәуелсіздік Туы төбемізде,желбіреген кезеңде, ұлы тұлғаның қыруар еңбектері мен мазмұны терең ой – танымдарының құндылығы артып келеді. Бұл бүгінгі жаппай жаһандану дәуірінде де өте өзекті. XXI ғасырда өмір сүріп жатқан азаматтар, осы айтылған өсиеттердің құндылығына ешкім де шек келтіре алмайтын шығар.

Ыбырай Алтынсарин демократиялық – ағартушылық бағыты оның педагогикалық көзқарасының үш бірдей саласынан көрініс тапты. Біріншіден, бүкіл өмір жолын мектеп ашуға, қазақ балаларын оқуға тартуға, дүние ғалымдарын үйретуге және соған оқу құралдарын жазып шығаруға арнаса, екіншіден, өнегелі ұстаз тәлімгер даярлауға, оларға күнделікті ғылыми – әдістемелік басшылық жасауға көңіл бөлді. Үшіншіден, шығармаларында қазақ халқының XIX ғасырдағы қоғамдық өмірінде болған саяси – әлеуметтік мәселелерді жан – жақты қамтып жазуға жұмсады. Ол кез келген шығармаларында шәкірттерді адал, шыншыл, еңбексүйгіш, өнерлі азамат болуға, жат мінезден бойын аулақ ұстауға шақырды. [4, б. 102]

Спандияр Көбеев мұғалім мектептің тұлғасы, әрі тәрбиеші, балалардың ой – санасының дұрыс қалыптасуын, мінез – құлқының жақсы болып өсуін, мәдениетті, әдепті, сыпайы болуын, сол сияқты баланың дене тәрбиесіне көңіл бөлуін оның бүкіл халық алдында, Отан алдында жауапты екенін ескертеді.

«Балалардың тәрбиелі болып өсуі, – дейді Көбеев, – ең алдымен үйдегі тәрбиеге, ата – ана тәрбиесіне, өнегесіне байланысты болса, мектеп жасына толғаннан кейін баланың жасы тәрбиені керек ететін шағы – оның бала уақыты, ересек кезі. Ал бұл кезде ол көбінде мектепте болады. Ол мектепте болған кезде оны тәрбиелеуші – мұғалім». [4, б. 159]

Қазіргі таңда Қазақстандық білім беру мен ғылым жүйесін жаңғырту кезеңінде тұрмыз. Әрбір адамның сапалы мектепке дейінгі тәрбие мен мектептегі білімге қолжетімділігін, колледжде, университетте жаңа кәсіби білім алуын, зерттеу жұмыстарын жүргізіп, шығармашылық құзыреттерін дамыту мүмкіндіктерін көздейді. Яғни Ыбырай Алтынсарин, Спандияр Көбеевтің, ұлы сара жолын еліде жалғастырып келеміз.

XXI ғасыр – ғылым ғасыры. Сондықтан, жас ұрпаққа жаңаша білім беру жолында жаңаша өзгерістер енгізіп, колледждегі білім беру ісі ғылыммен тығыз байланыста болып, дамыған елдермен терезесін теңестіруге ұмтылыс жасауға тиіспіз.

Білім жүйесінің реформалық ақпараттық қоғамға көшуі мақсат етіп отырған жастарымыздың білімі мен біліктілігі, ой – өрісінің даму тенденциясының жоғарлауы ретінде бағаланатын кезде, шығармашылықпен заман талабына сай ізденіспен жұмыс істеу, жас ұрпақтың білім деңгейін халықаралық дәрежеге жеткізу әрбір колледж оқытушыларының негізгі парызы.

Қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде инновациялық іс – әрекеттің ғылыми – педагогикалық негіздері аса қажеттілік деп танылуда. Ал оқу – тәрбие үрдісінде жаңа инновациялық технологияларды қолдану қазіргі білім беру саласында оқытудың озық технологиясын меңгермейінше, сауатты жан – жақты азамат тәрбиелеу мүмкін емес.

Жаңа технологияларды меңгеру әрбір ұстаздың интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік қасиеттерін дамытуына, оқу – тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Ұлттық тәрбие мен мәдениетті бойына сіңірген XXI ғасырдың жан – жақты дамыған шығармашыл жеке тұлғасын қалыптастыруда оқу – тәрбие үрдісіне инновациялық іс – әрекеттердің ендірілуі жетекші орын алады. [5, б. 37]

Қазіргі таңда ұстаздың сабағында оқытудың әдіс – тәсілдері оқушыларды ортамен қарым – қатынас жасай білуге, басқаны тыңдай білуге, өз ойын еркін айтып қорғай білуге, әдептілікке, жауапкершілікке, өнерге, еңбектенуге үйретеді. Ұлы ұстазымыздың да ұсынған әдістемесінің негізі осы емес пе.

Білім берудегі демократиялық, ізгілендіру, ынтымақтастық идеясы, мұғалім мен оқушы арасындағы қарым – қатынасты өзгертті. Мұнда мұғалімнің кәсіби – әдістемелік шеберлігінің маңызы зор. Қазіргі жаңалық деп жүрген ынтымастық, ізгілендіру идеясын сол кездің өзінде – ақ Ыбырай Алтынсарин мен Спандияр Көбеев қалыптастырған болатын. Ыбырай Алтынсариннің ізгі ойлары, талғамы, педагогикалық идеялары көптеп саналады.

Ыбырай Алтынсарин оқушыларды еңбек арқылы тәрбиелеу, оқыту өз еңбегінің нәтижесін көруге, одан қанағат, ләззат алуға үйретеді, еңбек етіп үйренген адамға білім беру жеңілдірек болады деген пікір ұсынады. Білім мен тәрбие берудегі Ыбырайдың алға қойған мақсаттарына тоқталсақ, оқушыларға жан – жақты және кең көлемде білім беру; мұғалімнің рөлін жоғары көтеру, оқулықтардың сапасына көңіл аудару; оқу бағдарламаларын үнемі жетілдіріп, толықтырып отыру; оқушылар білімін қосымша материалдармен толықтыру; Ыбырай Алтынсарин адамгершілікке тәрбиелеу идеясын көтерді, оны шешу жолдарын іздестірді. Тәрбиенің қазіргі біз пайдаланып жүрген қай саласын да Алтынсарин еңбектерінен табуға болады.

Білім беру сапасын жақсартудың бірден – бір жолы – оқытудың заманауи әдістерін қолдану. Оқытушы студенттің табиғи дарын, қабілетін ашу арқылы жас ерекшелігін ескере отырып, оқыту әдістерін тиімді пайдалану керек бір сабақтың барысында бірнеше әдістерді кезекпен, тиімді, студенттерді жалықтырмай жүргізуге болады.

Сабақ – ұстаздың көп ізденуінен, көп еңбектенуінен туатын педагогикалық шығарма. Кезінде Ы.Алтынсарин да, С.Көбеевте мұғалімдерге дәл осындай талап қойған болатын. Бұл Ыбырай Алтынсарин мен Спандияр Көбеевтің педагогикалық идеяларының өміршендігін байқатады. Мұғалімнің беделін көтере отырып, ұлы ұстаздар мұғалімге талап қойған. С.Көбеев пікірінше, мұғалім балаларға

үлгі болуы керек. Ол мұғалімнің алдына мынадай заңды да дұрыс талап қояды. Біріншіден, мұғалім оқу әдісін жақсы білетін маман, өз пәнін жақсы меңгерген және әр жақты білімі бар мәдениетті адам болуы шарт, екіншіден, мұғалімнің, сыртқы көрнісі, тіпті киімі де, оның тазалығы да, тиянақтылығы да, ұстамдылығы да, мінез құлқы да, сөйлеген сөзі де, жүріс – тұрысы да беделді болудың негізгі шарттары болып табылада.

С.Көбеевтің пікірінше, мұғалім өзінің педагогикалық мамандығын жақсы көретін, ол мамандығы жетіле беру жолында талмай еңбек етіп, ұдайы ізденіп, педагогика ғылымын тереңдей зерттеп отыратын адам болуы қажет; мұғалім өзі сабақ беретін пәнді толық меңгерген, сонымен бірге, ғылымның әр саласынан көп хабары бар, әр жақты білімі бар, мәдениетті болуы қажет; ол өзінің әрбір оқушысының ерекшелігі мен зейінін жақсы білетін балаларды, өз оқушыларын жақсы көретін, оқыту әдісін жетік білетін, оқушыларға талап та қоя білетін, оны орындата да білетін, әрі қатаң, әрі адал адам болуы керек деген тұжырым айтады.

Ы.Алтынсариннің пікірінше, педагогикалық жұмыстағы ең шешуші нәрсе: мұғалімнің ең жақсы оқыту әдістерін таба білуінде, балалармен дұрыс сөйлесе білуінде. Үлгілі жолға қойылған, дұрыс тәртібі бар жаңа типті мектеп оқушыларды қызықтырып, оларды мәдениетке, жұмысқа және ой еңбегіне үйретуге тиіс, олардың білімге деген ынтасын мейлінше арттыруға тиіс.

Ыбырайдың да алға қойған мақсаты – қайткен күнде де «қалың елі, қазағым» терезесі тең көсегелі, көргенді мәдениетті, өнері өркендеген ел қатарына қосу болатын. Осы жолда сан кедергілерге кездесіп, «мыңмен жалғыз алысып», аңсаған арманға жету жолында бойдағы бар күш – қайратын, ақыл – парасатын сарп еткен Ыбырай да қалың бұқараның шынайы қамқоршысы бола білді. Ыбырай идеяларын дамытып, қоғамда пайдалана білу – үлкен бір жетістік. [6, б. 45]

Қазіргі таңда жаңа Қазақстанда қалыптан тыс ойлай алатын, шұғыл шешімдер қабылдай білетін, белсенді шығармашылық адам қажет. Ол үшін әрбір оқытушы сабақтарда тек білімділік мақсаттарды шешіп қоймай, студенттердің жекелік қасиеттерін, қабілеттерін дамытудың жолдарын қарастырғаны жөн. Студент кез келген уақытта ізденіп, тың мәселелерді зерттеп, тыңнан тыңшыға айналуы керек. Тың оқиғалармен барша жұртшылықты хабардар етіп отырған студент қана жан – жақты жүргендігін көрсете алады. Содан барып ол өзінің шығармашылық жолын бастайды. Ал шығармашылық ұғымы – жаңа нәрсе ойлап, жетістікке қол жеткізу деген сөз. Білім беру саласында оқытушының алдына қойған қазіргі мақсаты – Ыбырай мен Спандияр атамыздың салып кеткен сара жолымен, студенттерге ұлттық педагогикалық тәрбие және білім берумен қатар олардың шығармашылық қабілеттерін арттыру. [7, б. 136]

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті маман дайындау. Ізденімпаз оқытушы шығармашылығындағы ерекше тұс — оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Нарық жағдайындағы оқытушыға қойылатын талаптар : бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі. Қазіргі уақыт талабы студенттерден көп нәрсені білуін қажетсінесе, ал оқытушы жан – жақты, кәсіби дайындығы терең, өз бойына жинақтаған білімін жастарға үйрете алатын маман болуы шарт. Оқытушы – тек білімді жеткізуші ғана емес, студенттердің білімін, өмірге көзқарасын жүйелі түрде қалыптастыра алатын, ізденістікке баулып, танымдық қабілетін дамыта білуі керек. Сол себепті сабақтың жоспарын жасауда студенттің шығармашылық әрекетінің бағдарына сәйкестендіріп, олардың қабілет, біліктері ескерілуі тиіс. Нағыз сабақ ол әрқашан диалог, ізденіс, дайындала үйрене, шәкірттер болашын ойлай жасалған еңбек пен тәжірибенің бірлігі.

Шығыс даналығы былай дейді: Маған айтсаң, ұмытып қалам, көрсетсең есімде қалар. Ал, өзім істесем, үйреніп алам. Яғни, баланың ынтасын жетелеу, қызығушылығын ояту арқылы оқыту, үйрету қажет деген сөз.

Қорыта айтқанда, оқыту процесінің нәтижелі болуы оқытушының сабақ беру шеберлігіне, сабағын қызықты жүргізіп, зейін қойдыра білуіне, студенттердің өздігінен білім алуға үйренуіне байланысты.

Ыбырай мен Спандияр аталарымыздың қалдырып кеткен мұралары, педагогикалық идеялары білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында сабақтас келеді, қазіргі заманымызда ұстаздың ролі өте маңызды, оқытушы өзінің сабағын жүргізілу жүйесін жетілдіріп, білім беру сапасының жоғары болуын көздеп, оқу – тәрбие жұмыстарын жүйелеп, сапасы мен тиімділігін арттырып, өзгерістер енгізуге барлық күш – жігерін жұмсауы тиіс.

#### **Әдебиет тізімі:**

1. Қазақ тілі мен әдебиеті журналы Алматы № 11, 2004 ж.
2. Көбеев С. «Орындалған арман» Алматы: Жазушы, 1988 ж. 84 б.
3. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиетінің тарихы – «20 ғасыр басындағы әдебиет», 1993 ж. 155 б.
4. Серікбай Оспанұлы «Ыбырай ізбасарлары», 2019 ж. 159 б.
5. Омарова Р.С. Оқыту үрдісінде танымдық ізденімпаздықты дамыту Алматы 2001 ж. 37 б.
6. Техникалық және кәсіптік білім 2021 ж., № 2, 45 б.
7. Професионал Казахстана, 2020 ж. №1, 136 б.